
ҚИҒАШ ТОРЛЫ СҮЗГІ

ZQYS200D15-50


zencQ

0019/ 01 / 26 KZ




**ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ**

Сүзгілер құбыржол жүйелерінде ыстық және суық су, сығылған ауа, май және сұйық көмірсутектер ағынынан механикалық қоспаларды тазалау үшін қолданылады.
Тасымалданатын ортаның ең жоғары температурасы 110 °C.
Жез корпус ішінде жұмыс ортасын тазалауды жүзеге асыратын сүзгі элементі орналасқан.





| ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР | |
|---|---|
| Қосылу түрі | Бұрандалы |
| Ең жоғары жұмыс температурасы | 110 °C |
| Номиналды қысым, PN | 20 бар |
| Тор ұяшығының өлшемі (1/2”-1”) | 500 мкм |
| Тор ұяшығының өлшемі (1*1/4”-1*1/2”) | 700 мкм |
| Тор ұяшығының өлшемі (2”) | 850 мкм |
| Номиналды диаметрлер диапазоны, DN | 15-50 мм |


ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР

| ӨЛШЕМ | 1/2” | 3/4” | 1” | 1*1/4” | 1*1/2” | 2” |
|---|---|---|---|---|---|---|
| G | 1/2” | 3/4” | 1” | 1*1/4” | 1*1/2” | 2” |
| L (мм) | 57,5 | 65,5 | 75 | 90 | 101 | 122 |
| H (мм) | 39,3 | 48,7 | 54,3 | 67,2 | 78,1 | 96 |
| t (мм) | 13 | 14,5 | 15,5 | 17,5 | 18 | 22 |
| Салмағы, г | 133 | 207 | 297 | 540 | 718 | 1149 |

| ӨЛШЕМ | A | H | B |
|---|---|---|---|
| 1/2” | 19 | 31,5 | 0,5 |
| 3/4” | 24,5 | 31,5 | 0,5 |
| 1” | 28 | 44,5 | 0,5 |
| 1*1/4” | 36 | 52 | 0,7 |
| 1*1/2” | 43 | 59 | 0,7 |
| 2” | 52,5 | 71,5 | 0,85 |





| КОНСТРУКЦИЯСЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ | | |
|---|---|---|
| 1 | Корпус | Жез CW617N |
| 2 | Тығын | Жез CW617N |
| 3 | Тығыздағыш | Тефлон PTFE |
| 4 | Сүзгі элементі | Тот баспайтын болат AISI304 |




**ОРНАТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

1. Сүзгі көлденең де, тік те қалыпта орнатылуы мүмкін, бұл ретте сүзгі тығыны төмен бағытталуы тиіс.



2. Ағын бағыты төменнен жоғары болған жағдайда сүзгіні дұрыс орнату үшін көлденең бөлімі қарастырылуы қажет, әйтпесе сүзгіні орнату құбыржолдың төменгі шығарының (бұрыш немесе үштаған) бітелуіне әкелуі мүмкін.
3. ГОСТ 12.2.063 п.3.10 талаптарына сәйкес сүзгі құбыржолдан түсетін жүктемелерді (иілу, қысу, созылу, бұралу, қисықтық, діріл, патрубоктардың осьтік сәйкес еместігі, бекіткіштердің біркелкі тартылмауы) қабылдамауы тиіс. Қажет болған жағдайда сүзгіге түсетін жүктемені азайтатын тіректер немесе компенсаторлар қарастырылуы керек. Қосылатын құбыржолдардың осьтік сәйкес еместігі ұзындығы 1 м-ге дейін болғанда 3 мм-ден, әрі қарай әрбір келесі метр үшін қосымша 1 мм-ден аспауы тиіс.
4. Муфталық қосылыстар тығыздағыш материал ретінде ФУМ (фторопластты тығыздағыш материал) қолдана отырып орындалуы тиіс.
5. Сүзгілерді монтаждау кезінде төмендегі кестеде көрсетілген рұқсат етілетін бұрау моменттерінен асуға жол берілмейді.

| ШЕКТІ БҰРАУ МОМЕНТІ | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бұранда өлшемі | 1/2" | 3/4" | 1" | 1*1/4" | 1*1/2" | 2" |
| Бұрандадағы шекті бұрау моменті, Нм | 35 | 45 | 65 | 90 | 130 | 160 |

6. Монтаж аяқталғаннан кейін жүйедегі есептік жұмыс қысымынан 1,5 есе жоғары, бірақ 6 бардан кем емес статикалық қысыммен сынақтан өткізілуі тиіс. Сынақтар СП 73.13330.2016 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

**ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

1. Сүзгілер техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген қысым мен температура мәндерінде пайдаланылуы тиіс.
2. Сүзгіні тазалау үшін жүйенің кіріс жапқыш құрылғысын жабу, сүзгі орнатылған құбыржол учаскесін босату, содан кейін сүзгі тығынын бұрап алып, торды тазалау қажет. Қатты ластану жағдайында сүзгі элементі ауыстырылуы тиіс.

**ӨНДІРУШІ**

ZUOYOU GLOBAL BUSINESS LIMITED
Өндіріс мекенжайы: Shamen Industrial Area, Yuhuan,Taizhou, Zhejiang, China 317607 (Шамен өнеркәсіптік аймағы, Юхуань қ., Тайчжоу қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай)
Шыққан елі: Қытай

**zencQ** бренді **NEORUBY GmbH** компаниясына тиесілі

**NEORUBY GmbH** ● Am Hamburger Bahnhof 3, 10557 Berlin, Germany

https://zencq.com/